# Қазақ университеті

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№6 (1676)
13 ақпан
2018 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz


# ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК УНИВЕРСИТЕТІ



**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ еліміздің жоғары оқу орындары арасындағы көшбасшылық тұғырын тағы бір мәрте дәлелдеді. Республикалық «Президент және халық» газеті мен «Уақыт таңдауы – Выбор Времени» агенттігінің бірлесіп жүргізген рейтингі нәтижесі бойынша университет «Жылдың үздік жоғары оқу орны» аталымын жеңіп алды.**

Бұл туралы университеттің кезекті мәжіліс отырысында «Президент және халық» республикалық-қоғамдық газетінің бас редакторы Марат Тоқашбаев хабарлап, ҚазҰУ ректорына арнайы сертификат табыстады.

«Жылдың үздік жоғары оқу орны» жайлы ақпараттар ресми «Казинформ» және басқа бірқатар сайттарда, мерзімді басылымдарда жарияланды. «Ақиқатында Сіз басқарып отырған ұлттық университеттің Мемлекет басшысы Н.Назарбаев алға қойған міндеттерді жүзеге асыруда айтулы табыстарға қол жеткізіп отырғаны анық», – деді Марат Тоқашбаев.Оның айтуынша, ҚазҰУ – заманауи білім, озық идеялар мен технологияларға негізделген ірі инновациялық, ғылыми білім беру орталығы болып табылады.

Бүгінде университет халықаралық QS әлемнің үздік университеттері рейтингінде өз нәтижесін жақсартып, 236-орынға көтерілді. Бұл рейтингте ҚазҰУ қазақстандық ЖОО-лар ішінде алғашқы болып әлемдік 250-топ университеттер қатарына енді. Қазақстан ЖОО-лары арасында БҰҰ «Академиялық ықпал» бағдарламасын қабылдаған тұңғыш әрі жалғыз университет. Қарашаңырақ әлемнің ең ірі 400-ден астам университеттерімен әріптестік орнатқан. ҚазҰУ бүгінде халықаралық стандарттарға сай білім беру бағдарламасына толықтай көшкен. Білім беру бағдарламалары ACQUIN (аккредиттеу, сертификаттау және сапа кепілдігі бойынша мекеме) және ASIIN (нақты ғылым саласы бойынша білім беру бағдарламаларын аккредиттеу) агенттіктерінің халықаралық аккредитациясын иеленген.

Университетте жыл сайын 150-ден астам шетелдік танымал ғалымдар дәріс оқиды, ғылыми тәжірибесімен бөлісіп, кеңес береді. Оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығы, қосдипломды білім беру белсенді дамып, ортақ жобалар іске асуда. Осы тұрғыда университетімізге ғылым саласындағы Еуропалық одақтың жоғары дәрежелі сарапшылары тарапынан берілген жоғары баға үлкен жетістік болып табылады. Халықаралық сараптама нәтижесі бойынша, ҚазҰУ Қазақстан ЖОО-лары арасында ғылыми-технологиялық және инновациялық мүмкіншілік жағынан талассыз көшбасшылыққа ие.

Сондай-ақ мәжіліс барысында биология және биотехнология факультеті кафедраларын алға жылжыту бойынша жол картасы туралы әр кафедра меңгерушісі баяндама жасады. Кафедра меңгерушілері университетіміздің халықаралық рейтингтік ғылыми журналдардағы жарияланым саны бойынша да өзге ЖОО-лардан көш ілгері тұрғанын алға тартты.

Молекулалық биология және генетика кафедрасының меңгерушісі Зәуре Айташева QS Subject Ranking бойынша жоспарланған тапсырмалардың орындалу барысына тоқталып, барлық бағыттардың көрсеткіштеріне және биылғы жылы жоспардағы оқу-әдістемелік жұмыс, халықаралық ғылыми білім беру қызметі, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет, әлеуметтік-тәрбие жұмысы бағыттарындағы негізгі мәселелерге баса назар салды.

Баяндама жасаған басқа да кафедра меңгерушілері болашақта кафедраның белсенділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған жол карталарын ұсынып, жиын соңында өзге де өзекті мәселелер кеңінен талқыға түсті.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

# ЕЖЕГОДНЫЙ ЭКЗАМЕН СДАН

**8 февраля прошла ежегодная отчетная конференция Профсоюза «Парасат» работников КазНУ им. аль-Фараби.**

Рассказывая о работе за 2017 год, председатель Профсоюза Т.К. Мекебаев отметил, что прошедший год характеризовался укреплением связи между рядовыми членами профсоюза факультета и профкомом КазНУ имени аль-Фараби, который представляет собой открытый канал для коммуникации, консультаций, социальной поддержки.

*Продолжение на 5 стр.*

# В ЦЕНТРЕ ГЛОБАЛЬНЫХ СОБЫТИЙ

**Факультет международных отношений КазНУ им. аль-Фараби по праву является «кузницей» дипломатических кадров уже на протяжении почти четверти века. Наряду с этим, профессорско-преподавательский состав факультета активно сотрудничает с международными организациями, и прежде всего, со структурами ООН. Особенное очертание это сотрудничество получило в 2012 году, когда университет стал единственным среди вузов Казахстана и Центральной Азии участником программы ООН «Академическое влияние».**

Эта глобальная инициатива объединяет свыше 500 вузов из более 90 государств мира с целью активной поддержки десяти всемирно признанных принципов, касающихся прав человека - грамотности, устойчивого развития, межкультурного диалога, разрешения конфликтов и сохранения мира.

Первыми шагами практического участия КазНУ в программе «Академическое влияние» стало проведение целой серии мероприятий и создание в 2012 году регионального ресурсного центра содействия ООН на факультете международных отношений. Инициатива создания центра принадлежит Послу по особым поручениям МИД РК, экс-министру иностранных дел РК, первому постоянному представителю Казахстана при ООН, доктору исторических наук, профессору Арыстанбековой Акмарал Хайдаровне.

Факультет активно работает в рамках программы «Академическое влияние» и на постоянной основе проводит мероприятия различного уровня, посвященных глобальным и региональным инициативам Казахстана.

Одним из ключевых событий этого года является председательство Казахстана в Совете Безопасности (СБ) ООН. Факультет международных отношений, Представительство МИД РК в г. Алматы совместно с департаментом общественной информации ООН в Казахстане провели в начале февраля международный круглый стол «Основные аспекты деятельности Республики Казахстан в качестве Председателя в Совете Безопасности ООН».

*Продолжение на 3 стр.*

## БҮГІНГІ САНДА:


СВЯЗАНЫ ОДНОЙ ЦЕЛЬЮ

2-стр.



АУҒАН СОҒЫСЫ: ТАРИХ ЖӘНЕ ТАҒДЫР

4-бет




ҮШ БІРДЕЙ ОҚУЛЫҚ ЖАРЫҚ КӨРДІ

8-бет



# СВЯЗАНЫ ОДНОЙ ЦЕЛЬЮ

**КазНУ имени аль-Фараби и Британский Совет подписали меморандум о сотрудничестве.**



Ректор КазНУ Галым Мутанов отметил, что Глава государства поставил задачу по внедрению трехъязычия. «В рамках реализации Плана Нации «100 конкретных шагов» в университете ведется работа по развитию политики трехъязычия. Миссией КазНУ является формирование кадрового потенциала – высококвалифицированных специалистов, конкурентоспособных на отечественном и международном рынках труда, в том числе и со знанием английского языка», – подчеркнул ректор.

В свою очередь, заместитель директора Британского Совета в Казахстане Роуэн Кеннеди отметил, что проведение языковых курсов разного уровня, повышение квалификации преподавателей, подготовка обладателей международной стипендии «Болашак» для обучения за рубежом являются приоритетными направлениями в деятельности организации и выразил уверенность, что совместная, партнерская работа на базе Центра передовых знаний КазНУ даст положительный эффект.

Во ходе встречи стороны выразили уверенность в том, что подписание данного соглашения о сотрудничестве станет основой для дальнейшей совместной работы. Уже в ближайшее время на базе центра передовых знаний при содействии Британского Совета планируется проводить международное языковое тестирование «Aptis» и «IELTS».

«Дорожной картой на 2015-2020 годы разработан и утвержден план мероприятий по продвижению трехъязычного обучения на всех уровнях образования. Преподаватели кафедры иностранных языков предлагают различные курсы английского языка. Они предназначены для тех, кто хочет повысить и усовершенствовать свои знания или только начинает изучать язык. Сотрудничество с Британским Советом открывает новые возможности изучения английского языка», – отметила заведующая кафедрой иностранных языков КазНУ Айжан Мулдагалиева.

Британский совет работает в Казахстане с 1994 года, занимается реализацией различных проектов, международного сотрудничества для граждан Соединенного Королевства и других стран и способствует укреплению доверия между людьми, в том числе уделяя большое внимание культурным и образовательным связям.

**Акмарал АЛИЕВА**

## ҚЫСҚА-НҰСҚА

**ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов ЮНЕСКО-ның Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстандағы өкілі әрі Алматыдағы ЮНЕСКО Кластерлік Бюросының директоры Криста Пиккатпен кездесті.**

Кездесу әлемнің Аристотельден кейінгі Екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің 2020 жылы аталып өтілетін 1150 жылдық мерейтойына дайындық барысына арналды.

Ғалым Мұтанов кездесу барысында ЮНЕСКО өкiлiне Өркениет философы – Әбу Насыр әл-Фараби мұраларын насихаттау бағытында университет атқарып жатқан ауқымды істермен қысқаша таныстырып, оның ғылыми мұрасының қазіргідей алмағайып уақытта маңызы артып отырғандығын жеткізді. «Қайырымды қоғам азаматтарын қалыптастыру» атты қазіргі заман университеттері миссиясының жобасына қадірменді қонақ үлкен қызығушылық танытты.

**kaznu.kz**

***

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде М.Сералин атындағы жастар шығармашылық бірлестігінің ұйымдастыруымен жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әлібек Асқаровпен рухани кездесу өтті.**

Журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубекұлы тізгінін ұстаған шараға «Алматы ақшамы» газетінің бас редакторы Қали Сәрсенбай, «Түркістан» газетінің шолушысы Көлбай Адырбек, суретші Еркін Нұразхан қатысып, Әлібек Асылбайұлының шығармашылығы туралы жылы лебіздерін білдірді.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасының аясында өткен кездесуде Әлібек Асқаровтың «Фолиант» баспасынан жарық көрген «Көккөл», «Аспантау», «Шанағат», «Шабанбай», «Қазығұрт», «Мұзтау» атты кітаптары жиналған көпшілік қауымға таныстырылды.

**П. ЖАРЫЛҚАСЫНОВА**

***

**Жуырда филология және әлем тілдері факультетінің Жалпы тіл білімі және Европа тілдері кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Гүлмира Баянжанқызы Мадиеваның университеттегі ғылыми-педагогикалық тәжірибесінің 35 жылдығына арналған «Филология мен шет тілдерін оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері: теория және практика» тақырыбында конференция ұйымдастырылды.**

Шара аясында ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалымның еңбектері бойынша көрме ұйымдастырылды. Көрме барысында белгілі ғалым Г.Б.Мадиеваның педагогикалық ізденістері бойынша ғылыми зерттеулері мен еңбектері көпшілік назарына ұсынылып, жоғары бағаланды.

Сондай-ақ, көрмеге Алматы қалалық «Макмиллан» оқу орталығы қатысып, шетел тіліндегі өз оқулықтары мен кітаптарын таныстырды.

**А.МОЛДАСАНОВА,**
*ф.ғ.к., доцент*

# Берері мол бағдарлама

**Халықаралық ынтымақтастықты арттыру бағытындағы ҚазҰУ-дың ілкі қадамдары бүгінде өз жемісін беруде. Атап өтсек, Шанхай ынтымақтастығы ұйымына мүше мемлекеттер және Тәуелсіз мемлекеттер достастығы аумағындағы университеттер арасында екіжақты және көпжақты байланыстар жоғары деңгейде қалыптасып келеді. Оның аясында бүгінгі күні студенттер академиялық ұтқырлық, қос допломды білім беру және бірлескен студенттік ғылыми жобалар бойынша жұмыс істеуде.**



Аталған табысты жобалардың тәжірибесіне сүйене отырып, Түркі тілдес мемлекеттердің жоғары оқу орындары арасындағы байланысты арттыру мақсатында Әзірбайжан (Baku State University), Қырғызстан (Kyrgyz-Tyrkish Manas University, International University of Kyrgyzstan), Түркия (Atatyrk University, Istambul University) және Қазақстан Республикасы (Al-Farabi Kazakh National University, L.N. Gumilyov Eurasion University, Akhmet Yassawi International Kazakh-Tyrkish University) жоғары оқу орындары арасында 2017 жылдың сәуір айында Қырғызстан астанасы Бішкек қаласында «Орхон» бағдарламасына қол қойылған болатын.

Халықаралық бағдарлама 2017-2018 оқу жылында алғашқы жемістерін бере бастады. Халықаралық қатынастар және саяси ғылымдар аясындағы ынтымақтастық жөніндегі нақты келісімдерге қол жеткізіліп, ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетінде «Халықаралық қатынастар» мамандығымен 2017-2018 оқу жылының бірінші жартысында Қырғыз-Түрік Манас университетінің екі студенті білім алса, 2017-2018 оқу жылының екінші жарты жылдығында Ататүрік университетінің студенті білім алуда.

Сондай-ақ университетіміздің халықаралық қатынастар факультетінің 3-курс студенті Жаухар Бижан Ататүрік университетінде 2017-2018 оқу жылының бірінші жартысында білім алып қайтты.

«Орхон» бағдарламасы тек студент алмасу емес, оқытушы-профессорлар құрамы үшін де мол мүмкіндіктер ашып отыр. Университет оқытушылары аталған бағдарлама аясында жоғарыда көрсетілген жоғары оқу орындарына барып, дәріс оқуларына болады. Мәселен, Ататүрік университетінің оқытушысы Gulshen Aydun 2018 жылдың 26-30 наурыз аралығында ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетінің студенттері, магистрлары мен Ph.D докторанттарына арнап дәріс оқитын болады.

Білім кеңістігіндегі тың тәжірибеге жол ашқан бағдарлама үшін университет басшылығына алғыс білдіре отырып, келесі оқу жылында да жемісті жұмыстардың жалғасарына сеніммен қараймыз.

**Думан ЖЕКЕНОВ,**
*Ph.D доктор, халықаралық қатынастар факультеті деканының орынбасары*

**ҚазҰУ мен Британ Кеңесі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды**

# ЭФФЕКТИВНАЯ ПЛОЩАДКА

**Представители политических, деловых кругов, научной интеллигенции в своих откликах высоко оценили основные положения Послания Президента Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции». Казахстанская молодежь также поддерживает уникальную казахстанскую модель прогресса, казахстанский путь развития, его эволюцию, основные принципы и механизмы.**



В условиях ускоренного технологического обновления перед страной поставлены новые стратегические цели, важные ориентиры и долгосрочные приоритеты. Сегодня все студенческие клубы, кружки и организации университета свою работу выстраивают, исходя из актуальных посылов программы модернизации общественного сознания «Рухани жаңғыру». Студенческий дискуссионный клуб «Политолог» научно-профессионального направления кафедры политологии и политических технологий КазНУ им. аль-Фараби ведет информационно-разъяснительную работу по продвижению инициатив Главы государства.

Так, в рамках текущего 9 сезона клуб «Политолог» провел круглый стол «Н. Назарбаев: эпоха, личность, общество» с участием представителей Библиотеки Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы. Мероприятие состоялось в рамках передвижного научно-образовательного и культурно-просветительского выставочного проекта Библиотеки Главы государства.

В рамках встречи заместитель директора Библиотеки Тимур Шаймергенов широко осветил деятельность Библиотеки Лидера Нации, а также на примере Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева представил образец эффективного управленческого лидерства, отметив отличительные черты и методику Главы государства на конкретных инициативах и действиях. Проанализировав ряд управленческих кейсов, эксперт продемонстрировал реальные плюсы казахстанского опыта в сравнении с практикой других постсоветских государств. Т. Шаймергенов поделился со студентами опытом применения аналитики и прогнозирования, стратегического видения, планирования, организационной подготовки, коммуникации, личной ответственности Лидера нации.

Руководитель службы международных проектов Библиотеки Мариан Абишева рассказала о личном архиве Президента, который содержит около 127 тыс. биографических, творческих материалов, документов, образующихся в процессе служебной и общественной деятельности Главы государства.

Встреча прошла в формате интерактивной дискуссии, в ходе которой студенты узнали интересные факты о строительстве независимого демократического государства в Казахстане.

Очередное заседание студенческого клуба «Политолог» также прошло в рамках реализации программной статьи Главы государства «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру». Магистранты кафедры организовали для студентов интеллектуальный турнир «Модернизация общественного сознания и студенческая молодежь». В ходе турнира участникам были предложены задания на знание национального кода, духовного наследия, традиций, культуры и обычаев казахского и других народов, проживающих на территории Казахстана. Ответы на вопросы турнира позволили выявить современный уровень и изменения в духовном сознании студенческой молодежи, проявить их интеллект и воображение, а также знание политической реальности.

– Все участники турнира были активны, показали высокий уровень профессиональной подготовки, а также умение работать в команде, – отметила в заключительном слове руководитель клуба Нина Саитова. Жюри, в составе которого были студенты и участники клуба, высоко оценило уровень организации мероприятия, а также сложность и оригинальность предложенных заданий. Победу в турнире одержала команда «Депутаты», второе место – «Модернизаторы», третье – «Хартлэнд» и четвертое – «Столкновение цивилизации».

Студенческий клуб «Политолог» является эффективной площадкой для обсуждения проблем и новых перспектив казахстанской и международной политической жизни, международных отношений и глобального развития. Через активное участие в общественно-политической жизни университета и страны молодежь Казахстана поддерживает казахстанский путь модернизации, доказывая своим трудом, знаниями и активной гражданской позицией.

**Нина САИТОВА,**
*руководитель клуба «Политолог», доцент КазНУ;*
**Айкерим КАМАЛДИНОВА,**
*ст. преподаватель КазНУ, сопредседатель клуба «Политолог»*

# ПРОФИЛАКТИКА зависимого поведения

**Проблема зависимого поведения в современных исследованиях рассматривается через призму глобального фактора вреда, наносимого здоровью человека. Тенденции аддиктивного поведения продолжают расти, особенно заметен рост зависимого поведения не только у молодежи, но и у подрастающего поколения. На первых местах в ранге глобальных факторов рисков для здоровья стоят «вредные привычки» (курение табака, алкоголизм, наркомания, ожирение), которые во многих странах относят к факторам вреда национальной безопасности, а меры, направленные на их предотвращение, входят в государственные концепции национальной безопасности всех стран.**

Постоянно появляются все новые виды зависимостей, и проблема формирования аддиктивного поведения среди молодежи особенно остро выступает в сфере образования. Только своевременная профилактика и просвещение среди молодежи дадут положительный эффект.

Для студентов 2 курса по специальностям «Педагогика и психология», «Социальная педагогика и самопознание» кафедры педагогики и образовательного менеджмента факультета философии и политологии КазНУ им. аль-Фараби было организовано мероприятие доцентом З.М. Садвакасовой и специалистом в области аддикции Виктором Мальчиковым, который специализируется более 20 лет в работе с зависимым поведением.

Студентов познакомили с причинами и последствиями аддикции, а также обучили механизмам саморегуляции, стратегиям совладания помогающим быть свободным от зависимого поведения.

Таким образом, только праведные знания и когнитивные схемы могут обезопасить человека и помочь ему сделать правильный выбор среди соблазна в этом мире.

**З.М. САДВАКАСОВА,**
*доцент кафедры педагогики и образовательного менеджмента*

*Продолжение. Начало на 1 стр.*

# В ЦЕНТРЕ ГЛОБАЛЬНЫХ СОБЫТИЙ



Мероприятие было посвящено обсуждению итогов деятельности Казахстана в качестве председателя СБ ООН в январе 2018 г. В нем приняли участие работники дипломатических миссий - Генеральный Консул КНР в г. Алматы Чжан Вэй, Консул-советник Генерального Консульства РФ И. Самонина, помощник главы отдела прессы, культуры и образования Генерального Консульства США Карли Ван Орман, временно исполняющий обязанности Генерального Консула, Первого Секретаря Генерального Консульства Исламской Республики Афганистан Шугни Яр Хуссаин, а также представители международных организаций, аккредитованных в Казахстане, государственных структур, академического и экспертного сообщества, СМИ, преподаватели и студенты.

Открывая встречу декан факультета международных отношений КазНУ профессор С.Ж. Айдарбаев отметил возрастающую роль Казахстана в мировом сообществе, а также участие академической среды в данном процессе. С приветственным словом выступил глава Представительства МИД РК в г. Алматы Р.И. Бультриков, который поблагодарил руководство университета и факультета за организацию круглого стола и выделил основные аспекты деятельности Казахстана в качестве Председателя СБ ООН.

Руководитель департамента общественной информации ООН в г. Ал-маты Властимил Самек отметил важность председательства Казахстана в СБ ООН и проведение такого мероприятия на базе КазНУ им. аль-Фараби, который является Глобальным хабом программы ООН «Академическое влияние». Также он подчеркнул активную роль студенческой молодежи в реализации программы.

Круглый стол модерировала директор Института проблем безопасности и сотрудничества КазНУ, ведущий эксперт в сфере международных отношений и безопасности, профессор К.И. Байзакова. С докладами выступили такие известные ученые, как Л.Р. Каратаева - главный научный сотрудник КИСИ при Президенте РК, Б.К. Султанов - директор Исследовательского института международного и регионального сотрудничества и другие.

Доклады вызвали оживленную дискуссию и множество вопросов со стороны участников круглого стола, студентов и молодых ученых разных вузов. Мероприятие прошло в творческой деловой атмосфере на высоком академическом и экспертном уровне.

**Л.Ф. ДЕЛОВАРОВА,**
*и.о. доцента кафедры международных отношений и мировой экономики*

**15 февраля в КазНУ состоится международная научно-практическая конференция посвященная 60-летию телеканала Qazaqstan**

# АЛАШ ПЕН АЗАТТЫҚ

**Барша адамзат үшін дамудың, азаттықтың дәуірі болған ХХ ғасырды Қазақ елі бодандықтың бұғауында қарсы алғаны ақиқат. Осы бір аласапыран заманда бүтіндей бір ұлттың сенгені тек оқыған азаматтар болатын. Елдің егемендігін қалпына келтіріп қана қоймай, озық, өркениетті елге айналдыруды көздеген Алаш қозғалысы дәл сол заманда «қараңғы қазақ көгіне күн болып өрмелеп шықты». Міне, қазақ интеллигенциясының көрінісі болған Алаш қозғалысына – бір ғасыр.Тәуелсіздікке қол жеткізген осы заманда азаттық үшін төгілген тамшы терді де ескерусіз қалдырғанымыз өзімізге сын болар еді.**




Мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінде білім алып жатырмын. Жуырда тарих, археология және этнология факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Фатима Қозыбакованың жетекшілігімен филология және әлем тілдері факультетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 101-тобы Алаш ардақтыларын ұлықтауға арналған «Мақсатқа жету жолында» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.

Шараны ұйымдастырудағы басты мақсатымыз Алаш арыстарының рухын бойымызға сіңіру, еліміздің болашағы ретінде Алаш идеясын ұстанған ұлттық-демократиялық зиялылардың саяси қызметі мен ұлттық партия құру идеяларын дәріптеу, ең бастысы өз тарихымызды зерделей түсу болатын.

Шараға 101-топтың барлық студенттері қатысып, Алашорда мен азаттық ұғымының сабақтастығы туралы пікірлерін білдірді. Есенов Таңатар, Кенжебайұлы Ернар, Қанатқызы Шаттық Алашорданың кезекті жиналысынан қойылым көрсетсе, Дәркенбай Әнел мен Әлішер Шолпан ғылыми жобаларын қорғады. Конференцияда Алаш қозғалысының құрылу тарихымен қатар, Алаш қайраткерлерінің атқарған істері мен қызметі, тарихи тағдыры, қазақ елінің дамуына қосқан үлестері сөз болды. Ғылыми конференцияны Жетпісов Еділ «Алаш туы астында» әнімен қорытындылады.

Осыдан 100 жыл бұрын құрылған Алашорда арманының бүгінгі көрінісі – Тәуелсіз Қазақстан. Алашорда мен азаттық – егіз ұғым. Ал осы Тәуелсіз Қазақстан сол арыстардың бізге қалдырған ең ұлы аманатындай. «Сөздің ұлысы – тарих» деп Ахмет Байтұрсынов айтпақшы, Мәңгілік ел болудың басты шарты – мәңгілік тарих.Сондықтан осындай іс-шаралар арқылы өткен тарихтан сабақ алып, бүгінді бағалайық. Ертеңге азат елдің ұл-қызы ретінде нық қадам жасасақ, болашақ біздікі.

**Дина БӨКЕБАЙ,**
*филология факультетінің 1-курс студенті;*
*Жетекшісі т.ғ.к.* **Ф.А. ҚОЗЫБАҚОВА**

# АУҒАН СОҒЫСЫ: тарих және тағдыр

**ХХ ғасырда дүниені дүркіреткен, шартарапты шулатқан соғыстар аз болмады. Соның бірі он жыл бойы отқа оранған Ауған соғысы екендігіне тарихтан таныспыз. Бұл соғыс орасан зор адам шығындарын алып келді. Адам шығыны соғыста құрбан болғандармен ғана емес, тұтқынға түскендер және із-түзсіз жоғалғандармен де есептеледі. Ал із-түзсіз жоғалғандар Ауған соғысында да аз болмады. 15 ақпанда бұл соғыстың аяқталғанына 29 жыл толады.**




1989 жылы 15 ақпанда Кеңес Одағы Ауғанстаннан әскерлерін әкетуді аяқтады. Офицерлер мен солдаттар соғыстың біткеніне қуанды. Дәл осы 40-армияның соңғы қолбасшысы, генерал-майор Б.В.Громов Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан толық әкетілгенін бүкіл әлемге мәлімдеді. Бірақ көптеген әскери қызметкерлер ауғандық оппозиция қолында тұтқында қалса, кейбір жауынгерлер туған еліне жете алмай, Ауғанстанда хабар-ошарсыз кетті.

Тұтқындағылар бұрынғы кеңес жетекшілері бастаған соғыстың құрбаны болып, жат жерде қалды. Ауған соғысының мәселесіне тұтқындағы офицерлер мен солдаттар, әрине, кінәлі емес. Нақты деректерге сүйенсек, із-түзсіз жоғалған және тұтқынға түскен әскери қызметшілер саны – 417. Кейін олардың 119-ы тұтқыннан босатылды, оның ішінде 97 адам Отанға қайтарылды, ал 22-сі өз еркімен басқа елдерде жүр. Ауғанстанда тұтқынға түскен немесе із-түзсіз жоғалған жиырма солдат Қазақстан азаматы еді. Оның 8-і – қазақ, 9-ы– орыс, қалғаны өзбек, татар, украин ұлтының ұлдары болатын.

2012 жылы жан-жақты іздестіру нәтижесінде екі жерлесіміздің мәйіті араға отыз жылдай уақыт салып, Ауғанстаннан туған елге жеткізілді. Оның бірі көкшетаулық Алексей Зуев болса, екіншісі түркістандық Абдулхакім Ергешов еді.

Алексей Зуев 1964 жылы 19 ақпанда туылған. Ақмола облысынан 1982 жылдың 2 сәуірінде Щучье қалалық әскери комиссариатының шақыруымен 18 жасында әскерге алынған. Самарқан қаласындағы әскери бөлімдердің бірінде арнайы дайындықтан өткеннен кейін 1982 жылдың шілдесінде интернационалдық борышын өтеу үшін Ауғанстанға аттанған. Қатардағы жауынгер Зуев 1983 жылы қаңтарда 446-дербес автокөлік батальонына жүргізуші болған. Ол жүктерді таситын рейске бар-жоғы екі рет қатысып, оның бірінде шабуылға ұшыраған. Ата-анасына ең соңғы хаты 1982 жылдың 25 желтоқсанында жолданған. Қанды қырғын кезінде майданға қару-жарақ пен әскерилерді жеткізетін жүргізуші болу қиынның қиыны еді. Ал 1983 жылдың 1 ақпанында әскери автоколонна құрамында Кабулдан Хайратонға бағыт алған күні Парван провинциясындағы Хинжан елді мекені маңындағы шабуылда жоғалған. Көлігі мен автоматы табылып, өзі осы ұрыста беймәлім кеткен. Сөйтіп, хабарсыз кеткендер қатарына тіркелген.

2012 жылдың 9 сәуірінде Щучье қаласының орталық алаңы қара–лы музыкамен жан дүниені сілкінтті. Иін тірескен халықтың жүзінде мұң, жанарында Отан перзенттерінің ерлігіне мақтаныш сезімі ұшқындады. Бұл күнгі айрықша оқиға – ауған соғысында құрбан болған жерлес жауынгер Алексей Зуевтің денесін қайта жерлеуге арналған митингі еді. Бұрынғы Кеңес әскерінің 466-дербес автокөлік батальонының жүргізушісі Алексей Зуевтің табыты мен күлімсіреп түскен портреті жұртшылықты зіл батпан ойға батырды. Оның мәйіті анасы жерленген мазарға қойылды.

Сержант Алексей Зуевтің сүйектері зертханалық және ДНК сараптамасынан өткізіліп, Мәскеуге жеткізілді. Ал 2012 жылғы 27 наурызда «Тағзым тауындағы» (Поклонная гора) интернационалист-жауынгерлер ескерткіші жанында митингі өткізіліп, А.Зуевтің табыты туған еліне жеткізілді. Алексей Зуевтің денесі туған жер топырағына жерленіп, қару түрлерінен құрмет залпы берілді.

Абдулхаким Ергешов – Ауған соғысында із-түзсіз жоғалған қазақстандықтар арасында мәйіті табылған екінші жауынгер. Ол 1963 жылы 13 маусымда Түркістан қаласында дүниеге келген. Ұлты – өзбек, білімі орта. 1982 жылы 30 қазанда әскерге шақырылып, Ашхабад қаласында арнайы әскери дайындықтан өтіп, Ауғанстанға жіберіледі. Әскери қызметін 108-мотоатқыштар дивизиясының 177-мотоатқыштар полкында өткізді. Кіші сержант шеніндегі Ергешов Абдулхакимның 1983 жылы 15 қазанда «із-түссіз жоғалғаны» туралы әскери бөлімнің командирі, подполковник Кошкиннен анасына хабарлама келген. Анасының өтініші бойынша аты-жөні жазылып, өзі оқыған мектепке ескерткіш тақта орнатылып, «Данк» залы ашылған.

Ал енді арада отыз жыл өткен соң жауынгер сүйегінің қалай табылып отырғанына келер болсақ, Ергешов Абдулхаким Ауғанстан жерінде дала командирі Суфи Поянд Мальхан елді мекенінің жанындағы бекетке жасаған шабуылы кезінде тұтқынға түсіп, Саланг асуының солтүстік порталының тұсында 1983 жылы 15 қазанда атып өлтірілген.

Кеңес жауынгері Николай Быстров та (мұсылманша аты Исламутдин) бір кездері тұтқынға түседі. Содан ол елдегі Солтүстік Альянстың лидері болған Ахмад шах Масудтың оққағары болып қызмет істейді. Кеңестік жауынгерлер зиратының табылуына сол Быстровтың және Ауғанстанның Мальхан, Баглан аудандарының тұрғындары көмектескен. Моджахедтер қолға түскен кеңестік жауынгерді атып, жерлеп тастаған. Іздестіру экспедициясының бірінде жергілікті тұрғындардан Мальхан кишлагы маңында атылған кеңес жауынгерінің зираты бар екендігі туралы ақпарат түскен. Кейіннен жерленген жер анықталып, мәйіт қалдығы Мәскеуге жіберілген. Сүйек қалдықтары нашар жағдайда болғандықтан, Ресей Қорғаныс министрлігінің сот-медицина орталығында молекулярлы-генетикалық зерттеу жүргізу ұзақ уақытты талап етті. Дегенмен Мәскеу, Ростов қалаларындағы сот-медициналық және криминалистік сараптама орталығы бірнеше мәрте зерттеу жүргізіп, сол зираттан табылған сүйектің қалдығы түркістандық Абдулхаким Ергешовтікі екенін дәлелдеген. Бұны Абдулхакимнің анасы мен туған бауырларынан алынған ДНК қорытындысы арқылы анықтаған. Түркістандық А.Ергешовтың мәйіті 2012 жылдың 27 қыркүйегінде туысқандарына табыс етіліп, туған жер қойнауына тапсырылды.

Ауған жерінде із-түзсіз кеткен қазақстандық 20 жауынгердің үшеуі Оңтүстік Қазақстан облысынан. Сол үшеудің екеуінен әлі күнге дейін дерек жоқ. Оның бірі – Түлкібас ауданынан 1981 жылы әскерге аттанған Талғат Төлендиев болса, бірі – Шымкент қалалық әскери комиссариатынан 1987 жылы шақырылған Юрий Мишаков.

Талғат Төлендиевтің анасы Сырға Төлендиева із-түзсіз кеткендердің кейбірінің табылғанын естігенде: «Өлді дегенге қимаймын. Бірақ, солай болған күнде де арулап жер қойнына салар баламның сүйегі табылса екен деймін. Жоқтау айтып, ас бергенім жоқ. Әлі де баламнан бір дерек шығып қалар ма екен деп үміттенемін», – дейді егіліп.

ТМД елдері арасында Үкіметтік Кеңес жанындағы жауынгер-интернационалистер комитетінің төрағасы Руслан Аушевтің айтуынша, Ауған жерінде із-түзсіз кеткен сарбаздардың 186-сы ғана анықталған. Олардың сүйектері табылып, сол арқылы толық ақпарат жасақталған. Іздеу операциясы кезінде сарбаздардың табылған сүйектері арнайы ДНК сараптамасынан өткен.

Қорыта келе, беймәлім кеткен боздақтар үшін Ауған соғысы әлі аяқталмаған секілді. Өйткені бір дерек болып қалар деп сарғая күткен ата-ана, туған-туыс, бауырлар мен жерлестер легі көп. Сірә, Ауған соғысында із-түзсіз жоғалған соңғы сарбаз табылғанша бұл соғыстың ақиқаты ашылып бітті деу ерте болар.

**Болат САЙЛАН,**
*Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы, Ауған соғысының ардагері*

**ҚазҰУ-да «БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі Қазақстан Республикасы қызметінің негізгі аспектілері» атты дөңгелек үстел өтті**

# «ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІНІҢ КАВАЛЕРІ

**ҚазҰУ-да тарих ғылымдарының докторы, профессор Қалқаман Жұмағұловтың 70 жылдық мерейтойы мен ғылыми-педагогикалық қызметінің 50 жылдығына арналған «Интеграция және модернизация жағдайындағы Дүниежүзі тарихы және Еуразиядағы халықаралық қатынастар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция болып өтті.**

Шараны ашқан ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов оның аса маңызды уақытта өтіп жатқандығына назар аударды. «Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына арнаған 2018 жылдың 10 қаңтарындағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында біздің әлемде сенім мен сыйластықты ынталандыратын брендке айналған тәуелсіз ел құрғанымызды атап өтті. Шындығында, Қазақстан тәуелсіздік жылдарында әлемдік қоғамдастықтың толыққанды мүшесі болды. 2017 жылы біздің еліміз БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып, 2018 жылдың қаңтарында біз онда төрағалық қызмет атқардық. ТМД және Шығыс Еуропа елдерінің арасында халықаралық «ЭКСПО» мамандандырылған көрмесін өткізуге әлем қауымдастығы лайықты деп таңдаған алғашқы мемлекет болдық», – дей келе университет басшысы мерейтой иесінің жан-жақты қызметіне тоқталды. Ғалым Мұтанұлы сөзін Елбасы ойымен сабақтады: «Мемлекет басшысы: «Біздің қоғамымыздың идеалы өз тарихын, тілін, мәдениетін, сонымен қатар қазіргі заманғы шет тілдерін меңгерген озық және жаһандық көзқарастары бар қазақстандық азамат болуы» керек деген болатын. Егер осы жолдарға мән берсек, онда бұл жолдар біздің құрметті Қалқаман Тұрсынұлының тұлғасына сайма-сай келеді. Профессор Қ.Т.Жұмағұлов – халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын құрметтейтін Отанымыздың нағыз патриоты, атақты тарихшы-медиевист, ғылыми зерттеулердің ұйымдастырушысы, үздік жетістіктерге жетуге мүмкіндік беретін неміс және латын тілдерін жетік меңгерген, көптеген еуропалық тілдерде еркін пікірлесе алатын жақсы лингвистикалық дайындығы бар маман ретінде танымал. Ғалым, педагог әрі ұйымдастырушының мақсаткерлігі, еңбекқорлығы мен адамдарға деген құрметі – бәрі профессор Қ.Т.Жұмағұловтың өзінің кәсіби және қоғамдық қызметіндегі жетістіктерінің ажырамас бөлігі».




Мерейтой иесіне арналған құттықтаулар легін ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім комитетінің төрағасы Болатбек Әбдірәсілов жалғады: «1972 жылдан бастап 50 жылдан астам уақыт бойы Қ.Жұмағұловтың өмірі туған университетімен тығыз байланысты: студент, ассистент, аға оқытушы, доцент, декан орынбасары, тарих факультетінің деканы, 1991 жылдан 2016 жылға дейін 25 жыл бойы үздіксіз кафедра меңгерушісі болды. Белгілі ғалым осы университет қабырғасында білім мен ғылымның дамуына зор үлес қосуда», – деді ол.

Конференцияда ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, ҚР Сыртқы істер министрлігі және түрлі ғылыми мекемелер мен ұйымдардың арнайы құттықтаулары оқылды.

Сондай-ақ жиында қызметтік жолын туған университеті қабырғасында ассистенттен бастап профессорлыққа, ежелгі дәуір және ортағасырлар тарихы кафедрасының негізін қалаушысы әрі алғашқы меңгерушісі, атақты ғалым және Қазақстандағы тарих ғылымының ұйымдастырушысына дейінгі жолды жүріп өткен алғашқы қазақ тарихшы-медиевист ғалым жайлы ой-пікірлер айтылып, Қазақстандағы дүниежүзі тарихын зерделеу, посткеңестік кеңістіктегі заманауи тарих әдіснамасының қалыптасуы және Қазақстандағы ұлттық тарих мәселелері кеңінен талқыға салынды.

**Г. С. БЕДЕЛОВА**

*Продолжение. Начало на 1 стр.*

# ЕЖЕГОДНЫЙ ЭКЗАМЕН СДАН

В течение года с профкомом согласовывались приказы и распоряжения, касающиеся социально-трудовых отношений работников (обновление и пополнение базы данных членов профсоюза, условия труда, парковки автомашин, вопросы охраны труда, вопросы организации оздоровления и отдыха работников и др.).

Согласно намеченному плану, профсоюзной организацией был проведен ряд мероприятий, направленных на дальнейшее улучшение социально-трудовой, правовой и экономической защищенности, организацию отдыха, оздоровления, досуговой деятельности работников.

На каждое подразделение, исходя из количества работающих, выделялись талоны на льготное питание. Велась работа по организации на территории КазНУ охраняемых автостоянок, по проверке столовых и буфетов, по определению скидок за учебу детям, чьи родители работают в КазНУ.

Спорт всегда был одним из приоритетных направлений работы Профсоюза «Парасат» работников КазНУ им. аль-Фараби. Каждый год в январе во время зимних каникул проводится спартакиада «Здоровье».

Хорошую организаторскую работу по подготовке сборных команд по видам спорта к соревнованиям и участию в спартакиаде проводят председатели профбюро факультетов и подразделений, и наградой им стали не только победные очки, но и отличное настроение участников, полученный ими заряд бодрости и здоровья.

По инициативе ректора академика Г.М.Мутанова Профсоюз «Парасат» работников КазНУ ежегодно проводит «Конкурс чистоты», приуроченный к Наурызу. Комиссия профкома определяет лучшую кафедру, лучший факультет, лучший учебный корпус, лучшее общежитие и лучшее структурное подразделение КазНУ им. аль-Фараби.

Стал традиционным конкурс «Лучший по профессии». Он проводится среди вспомогательного персонала университета. Призами и Почетными грамотами были награждены двадцать шесть работников, а лучшим специалистам факультетов Дипломы вручил ректор КазНУ Г.М. Мутанов.

Постоянно ведется работа с детьми наших сотрудников. Им выделяются дотации на путевки в школьные лагеря. Традиционно проводится Новогоднее представление для малышей. Так же профком взял на себя покупку и распределение детских новогодних подарков.



В 2017 году впервые были закуплены канцелярские товары для школьников начальных классов. Это стало хорошей социальной помощью для родителей. Инициатива встретила горячую поддержку, поэтому в нынешнем году ассортимент школьных принадлежностей будет расширен. Профком будет искать возможность выделять на помощь родителям школьников больше средств.

Важное место в социальной политике членов профсоюзного комитета Профсоюза «Парасат» занимает организация летнего оздоровительного отдыха. В отчетном году было дотировано 69 путевок в казахстанские санатории. Путевки в санаторий «Коктем», в количестве 40 штук распределялись согласно заявкам подразделений.

Дотации за отдых в Спортивно-оздоровительном лагере КазНУ на озере Иссык-Куль получили более двухсот человек. Профоргам и активистам была предоставлена возможность три дня отдохнуть в СОЛ в удобное для них время. Очень хорошо зарекомендовали себя однодневные туры выходного дня. Более ста сотрудников ознакомились с достопримечательностями в окрестностях Алматы.

В ноябре Профсоюз «Парасат» работников КазНУ им. аль-Фараби провел Школу профсоюзного лидера. Программа школы была очень насыщенной и разнообразной. В нее вошли и обмен опытом и тестирование, и тренинги, и ролевые игры.

Выступавшие в прениях отметили, что главный итог года – то, что члены профсоюза университета чувствуют себя социально защищенными, они всегда могут получить помощь и юридическую консультацию.

Проректор по социальному развитию Ш.Е. Джаманбалаева в прениях обратила особое внимание на социальное партнерство. Она отметила, что президент Н.А.Назарбаев всегда подчеркивает, что социальное партнерство, основанное на постоянном диалоге между профсоюзами, работодателями и государством, способно повысить уровень социальной защищенности трудящихся, дать импульс развитию экономики, обеспечить социальную стабильность и общественное согласие. Принцип социального партнерства является главным принципом взаимодействия администрации и работников, и все мы являемся свидетелями этого. Профсоюз «Парасат» активно участвует в управлении университетом; осуществляет огромную информационную работу, пропагандируя решения руководства; является проводником обратной связи между администрацией и сотрудниками. Весь комплекс мер, которые на сегодняшний день реализует университет, имеет поддержку со стороны профсоюза. Все корпоративные мероприятия, нацеленные на сплачивание коллектива, укрепление корпоративного духа, проводятся с финансовой и моральной поддержкой профсоюза.

Работа Профсоюза «Парасат» работников КазНУ им. аль-Фараби получила высокую оценку. Девиз профсоюзов «Наша сила в единстве!» работает и на уровне первичных организаций, развивая корпоративную солидарность и объединяя коллектив.

**Ольга ЛОЖНИКОВА,**
*заместитель председателя Профсоюза «Парасат» работников КазНУ*

**В КазНУ имени аль-Фараби состоялась презентация книги Т.И. Тугай «Оренбургский путь Ахмета Байтурсунова»**

# Наука в целях глобального понимания

**Недавно преподаватели кафедры ЮНЕСКО по устойчивому развитию приняли участие в работе круглого стола, посвященного данной проблеме. Мероприятие было организовано и проходило в конференц-зале Кластерного бюро ЮНЕСКО в Алматы по Казахстану, Кыргызстану, Таджикистану и Узбекистану. Глобальное понимание является ключом к устойчивому развитию, а наука имеет решающее значение для взаимопонимания людей, помогает им не только понять мир и друг друга, но также способствует разработке, развитию и осуществлению необходимых преобразований.**



Какова же роль Казахстана в научном обеспечении развития понимания и устойчивости мирового сообщества?

В фокусе обсуждения темы «Развитие науки в Казахстане и ее взаимодействие с обществом» представители научно-исследовательских институтов и центров, университетского сообщества, международных и неправительственных организаций, научных объединений молодежи активно дискутировали о существующих тенденциях, современных вызовах и широком спектре возможностей для развития науки в Республике Казахстан, сходствах и различиях в решении аналогичных проблем в регионе Центральной Азии.

Директор Кластерного Бюро ЮНЕСКО в Алматы по странам Центральной Азии Криста Пиккат, Представитель Департамента общественной информации Властимил Самек и многие другие были единодушны во мнении, что Казахстан располагает мощным научно-техническим потенциалом, сложившимся в результате сплава научного наследия советских времен и развития отечественных научных исследований в эпоху независимости. Доля научных исследований, выполняемых университетскими учеными, неуклонно растет, однако существует некоторый дисбаланс между образовательным и научным процессами, недостаток финансирования и отсутствие полного цикла исследовательских разработок в вузах и непопулярность карьеры научного работника для молодежи.

Наряду с недостатками, выступающие отметили положительный опыт организации и проведения научных исследований при поддержке нашего государства и международных организаций. Ученые и представители университетов рассказали о государственном программно-целевом финансировании научных проектов Министерством образования и науки РК, а также инновационных разработок, грантов на стажировки молодых ученых за рубежом по линии Фонда Первого Президента РК. Также участники услышали о ходе реализации международных гидрологических программ, создании Центра гляциологии для мониторинга состояния ледников и моренных озер, проведении в КазНУ имени аль-Фараби ежегодных студенческих форумов «Зеленый мост через поколения» при содействии ЮНЕСКО и другие. Лучшие студенты и магистранты кафедры ЮНЕСКО по устойчивому развитию КазНУ проходят стажировку и работают волонтерами в этой престижной международной организации, приобретая ценный опыт и знания, соответствующие компетенции.

Много времени присутствующие уделили проблемам материально-технического и финансового обеспечения науки, подготовки высококвалифицированных кадров, публикации казахстанских ученых в зарубежных журналах с высоким импакт-фактором, вхождения научных журналов Казахстана в международные рейтинговые базы данных, поднятия культуры научных исследовании и социального статуса ученого.

Для того, чтобы наука стала движущим инструментом консолидации общества и обеспечивала в должной мере его развитие, необходимо широко привлекать молодых людей в процесс научного творчества, прививать интерес к науке уже со школьной скамьи, способствовать распространению результатов научных разработок среди населения, популяризировать не только научные достижения, но и образ жизни, труд ученых, обеспечивая преемственность поколений и развитие научных школ. Участники круглого стола наметили перспективы совместного сотрудничества, в частности, по организации серии семинаров и мастер- классов для молодых ученых, издании научно-популярной и специальной литературы по ведущим научным направлениям, организации помощи ученым в публикации полученных ими результатов в рейтинговых научных изданиях, продвижении прикладных исследований и инновационных разработок на международные рынки и получении зарубежных патентов.

**Т.Л. ТАЖИБАЕВА,**
**Г.М. МИНЖАНОВА,**
*преподаватели кафедры ЮНЕСКО по устойчивому развитию факультета географии и природопользования*

**На факультете психологии Казахского национального университета имени аль-Фараби прошло воспитательное мероприятие для студентов 3 курса факультета психологии по теме «Развитие аудиальных навыков в работе практического психолога».**

# БЕЗ ПРАВА НА ОШИБКУ

Кроме теоретической подготовки, студенту обучающемуся на факультете психологии, очень важно получить во время обучения практические навыки работы с людьми. Можно исправить без последствий ошибку в чертеже, отчете, расчёте ит.д., и т.п. Психолог, порою, как и сапёр, права на ошибку не имеет. Слишком хрупкая субстанция и очень значимая для жизни человека его душевное благополучие и здоровье. Так что лечите ваши зубы у стоматолога, а с душевными вопросами - лучше вовремя обратиться к психологу, чем к психиатру.

В рамках своей профессиональной деятельности каждый психолог-практик, нарабатывая профессиональный опыт, при беседе с посетителем в процессе работы с ним, начинает различать на слух, что и как человек говорит. Именно аудиальные навыки позволяют специалисту определить ведущую репрезентативную систему посетителя. Интонации его голоса, ритм речи, повторение определенных слов играют огромную роль для практикующего психолога, т.к. позволяют ему яснее понять, что пациент хочет донести до него и как дальше конструктивнее и продуктивнее с этим работать.

Во время совместно организованного мероприятия с докторантом Айданой Ризуллой, кроме привычной всем лекции, были приведены примеры из практики специалистов. Так, прослушивая записи звуков природы, проверялись способности студентов на аудиовнимание путем индивидуального подсчета услышанных ими звуков.

Во время дискуссии со студентами проводилось наглядное имитирование ситуации с их непосредственным участием в роли практикующего психолога, его посетителя и наблюдателей. После завершения имитационного случая анализировалась каждая ситуация, которая начиналась с отчета начинающего психолога – что конкретное он услышал от посетителя. Затем свое мнение и замечания высказывали наблюдатели. Было озвучено пояснение посетителя и только после завершения дискуссии студентов итоговое мнение высказали руководители воспитательного мероприятия.

Таким образом, благодаря наглядной имитации ситуации, живой и непосредственной дискуссии, наполненной эмоциями, демонстрациями и пояснениями, студенты сами пришли к выводу о том, как важно уметь слушать и слышать своего собеседника.

Психолог обязательно должен уметь слушать собеседника с искренним интересом профессионала, помогающего установить живой контакт и расположение. Ведь только поняв суть проблемы посетителя и источник происхождения его переживания, можно оказать реальную помощь человеку, сохраняя в силу профессиональной этики полную конфиденциальность, и не в каждом учебном заведении могут этому научить.

Именно благодаря высокому профессионализму преподавателей, дающих конкретно применимые знания, мне нравится учиться в КазНУ, который доказал свою высокую конкурентоспособность среди лучших университетов мира, заняв 236 место в рейтинге QS.

Среди из самых положительных аспектов учебного процесса на кафедре общей и прикладной психологии под руководством заведующей кафедрой, доктора психологических наук, профессора Забиры Бекешовны Мадалиевой необходимо отметить наших преподавателей, имеющих великолепную профессиональную подготовку, подкрепленную большим практическим опытом, которые охотно и умело передают свои знания и навыки студентам. Важный плюс – это атмосфера искренности и доброты в коллективе, подкрепленная позитивной динамикой повседневной жизни кафедры и высоким интеллектом потрясающих преподавателей. Например, мой научный руководитель – профессор Фатима Сагымбековна Ташимова, имеющая в своем научном багаже хороший десяток крупных научных публикаций в виде книг и монографий, не считая свыше ста научных статей и иных трудов в виде тезисов и докладов, опубликованных в сборниках и материалах международных, научных конференций, симпозиумов и семинаров.

В нашем университете я получаю не только самые обширные знания, но и коммуникативный по-настоящему интернациональный опыт, т.к. в нем учатся студенты свыше 100 национальностей мира. На мой субъективный взгляд, именно принцип культурного понимания дает понять студентам из любой страны мира, что в Казахстане искренне ценят и уважают культурные традиции любого народа, сохраняя собственную самобытную уникальность. Поэтому в нашей стране создан особенный человеческий климат-код для развития и процветания всех народов и народностей, что позволяет по- настоящему жить, учиться и работать на благо Казахстана.

**Виктор ТРУБНИКОВ,**
*Ph.D докторант, специальность психология, факультета философии и политологии*



**23 ақпанда академик Т.Т. Тәжібаевтың туғанына 108 жыл толуына орай республикалық ғылыми-әдістемелік конференция өтеді**

## Тіл және Тәуелсіздік

Уа, менің қазақ тілім!
Елдік алдық, басым да азат бүгін!
Артта қалды 70 жыл бодандылық,
Артта қалды қайғылы, азапты күн!

Уа, менің еркіндігім!
Қалықтап аспанымда, желпін бүгін!
Желтоқсандық қуаттың әсерінен,
Тоқсан бірде түрді ғой ел түндігін!

Уа, менің ана тілім!
Анық қой өшпейтінің, жанатының!
Қазақ дейтін ғажайып ұлтың барда,
Белгілі ел жадында қалатының!

Уа, менің азаттығым!
Алашыма сыйладың ғажапты мың!
Егемендік – елімнің бақыт құсы,
Қазақ тілім – болмысым, қазақтығым!

Уа, менің тамырласым!
Тірі болсаң, белгілі жаңылмасым!
Тәуелсіздік діңгегі берік болып,
Тәуелділік атағы таңылмасын!

Уа, менің қос қанатым!
Қазақ елі саяңда топталатын!
Жасай бер, сен мәңгілік, Алаш жұрты,
Озып шыққан бәйгеге қосқан атың!

**Бүлдіршін БАТЫЛ,**
*механика-математика факультетінің 1-курс студенті*

## Ізгілік өмірге құштарлықты оятады

**Өзін-өзі тану ғылымында ізгілік философиясының негізін салушы ретінде Конфуций ілімінің маңыздылығы қарастырылған. Орта ғасырдағы данагөй ғұламалар Әл-Фараби, Игунеки, Баласағұн, Ахмет Яссауи сынды ғалымдар еңбектерінде ізгіліктілік көп насихатталады. Мәселен, Әлемнің екінші ұстазы атанған Әл-Фараби ғұламаның «Қайырымды қала» еңбегінде ізгілікті қарым-қатынас орнату арқылы қоғамға тиімді әлеуметтік топтар қалыптасатындығы тұжырымдалған. Қазіргі қоғамға дейін құндылығын жоймай сақталған Конфуцийдің «Өзіңе жасағанды қаламайтын істі, сен өзгеге де жасама» деген даналық идеясының астарында фиолософиялық мән жатыр. Бұл да ізгілікті қарым-қатынасты қалыптастырудың бір тетігі.**



Даналардан бізге жеткен ізгілік, қайырымдылық, қамқорлық, тағы басқа рухани құндылықтар қазіргі қоғамда да қазақ елі ұрпағының қанына сінген қасиет болып тамырын үзбей келеді. Сөзімізге ҚазҰУ-дың әр факультетінде жұмыс істеп отырған белсенді студенттер ұйымы дәлел болмақ. Солардың бірі – «Үміт сәулесі» клубы.

Әрбір жеке тұлға тек өзін ғана ойлаумен шектелмеу керек. Осы қағиданы қолдай отырып, біз клубта жылдық жоспарға сай көптеген жұмыстарды жүзеге асыруға ат салысамыз. Мәселен: «Үміт сәулесі» еріктілер клубы мүшелерінің ұйымдастыруымен «Университетім – менің мақтанышым» атты мерекелік кеш өткізілді. Кеште студенттер ән шырқап, би билеп, туған университетке деген сүйіспеншіліктерін өлеңдері арқылы білдірді. Сонымен қатар Қарттар күніне орай «Қарттарым – асыл қазынам» атты мерекелік кеш өткізілген болатын. Ондағы мақсатымыз ерікті немесе еріксіз түрде қарттар үйін пана еткен, өмірден көп нәрсені көкейіне түйген, қара шаңырақтың ұйтқысы болған қарттарымызға мерекелік көңіл-күй сыйлау, сәл де болса жүректеріндегі сан-мыңдаған ойлардан арылтып, жүздеріне күлкі сыйлау болатын. Сонымен қатар Алматы қаласының №2 балалар үйінде «Үміт сәулесі» клубының барлық мүшелері «Балалар бақыты» тренингтік іс-шарасын ұйымдастырды. Балалар шараға белсенді қатысты. Кездесуде бүлдіршіндер өнерден құралақан емес екеніндіктерін көрсетті. Қара домалақ қазақтың баласы домбырамен күй ойнап, ән айтып, би де билеп, бізді таңғалдырды.

«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының белсенді студенттерінен құралған «Үміт сәулесі» клубының мүшелері киімі бүтін, қарыны тоқ болса да ата-ана мейіріміне мұқтаж болып, жұдырықтай жүректеріне көңілдегі реніштерін сақтап жүрген балалардың көздеріндегі мұңды сейілтіп, үміт сәулесін сыйлауды мақсат етеді.

Факультет ішінде атқарылып жатқан жұмыстардың өзі бір төбе. Қазақ даналығы «Бір-біріне ажырамас бауыр бол!» дейді. Өз елімізге, қоғамымызға адал болып, жалпы адамзаттық құндылықтарды сақтай отырып, айналамызға жанашырлықпен, ізгілікпен қарым-қатынас жасасақ, бізден асқан берекелі ел болмас еді.

**П.Т. АБДУЛЛАЕВА,**
*педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы, «Үміт сәулесі» клубының жетекшісі;*
**Ұлтай МҰТӘЛІП,**
*4-курс студенті*

## ӘСКЕРИ ЖУРНАЛИСТИКА

**Журналистика – қыры мен сыры мол мамандық. Әрбір жағдайда журналист өзінің алдына қойған мақсатын абыроймен орындап шығуы үшін бар өнерін салуы тиіс. Заман талабына сай журналистерді салалық журналистикаға бейімдеп білім беру – алдыңғы орында тұрған мәселе. Соның бірі – «Әскери журналистика».**



Осы уақытқа дейін әскерилер туралы тек қана соғыс болған жерде болып жатқан оқиғалар туралы ақпарат беру керек деп келдік. Әскер біздер үшін Отан қорғаушы ғана емес, сонымен қатар олардың міндеттеріне зілзала, тасқын немесе жарылыс болған жерлерді тазарту, адамдарды құтқару кіреді деген сияқты екіұшты ойлар ғана келетін. Журналистер жаппай Ұлы Отан соғысы жеңісі күні қарсаңында ғана мақала жазып, әкім-қаралардың ардагерлерімізді құттықтап үйлеріне барып жатқан жерлерінен репортаждар берумен шектелетін. Бейбіт заманда «Әскери журналистика» деген ұғым ауқымды емес сияқты көрінетін.

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік белестері: Қазақстан-2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» Қазақстан халқына жолдауында «Қауіпсіздіктің басымдылығы анық: егер еліміз қауіпсіздігін сақтамаса, онда тұрақты даму жоспарлары туралы сөз қозғауымыздың өзі қисынсыз. Қорғаныс саясатымызға келетін болсақ, біздің бейбітшілік сүйгіш халық екеніміз және ешкімнің жеріне, ресурстарына, байлығына көз тікпейтініміз баршаға аян болуға тиіс» деген болатын.

Қазақстан екі алпауыт мемлекеттің ортасында отырса да, еш қауіп-қатерден сескеніп отыған ел емеспіз. Дегенмен терроризмнің өршіп тұрған кезінде арқаны кеңге салып, бейқам отыруға да болмайтыны бесенеден белгілі. Кез келген мемлекетті құрушы басты күш ол әскер саласы болып табылады. Ендеше, еліміздің қауіпсіздігі мен тұтастығын қорғап отырған салада бұқаралық ақпарат құралдарының алатын орны бөлек болуы керек.

Жақында Парламент Сенаты Халықаралық қатынастар, қорғаныс пен қауіпсіздік комитетінің төрағасы Дариға Назарбаева бастаған комитет депутаттары Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университетінде болған еді. Онда Дариға Нұрсұлтанқызы ақылы негізде Ұлттық қорғаныс университетінде шетелдік студенттерді оқыту мүмкіндігін қарастыруды және әскери қызметті насихаттайтын мамандандырылған әскери телеарна құруды ұсынған болатын.

Бұл өте дұрыс бастама деп ойлаймын. Әскери журналист – әскери қызметтің қыр-сырын, қандай жағдайларда жұмыс істейтінін, саяси пікірлерді, патриоттық сезімге тәрбиелейтін қарулы күштердің күнделікті тіршілігінен халыққа хабар беретін маман. Әрине, жаттығулар мен соғыс қимылдары мен тактикалар елге қызықсыз болуы мүмкін. Ал отқа оранып жатқан жерден таратылған хабарға қандай талаптар қойылады? Бұл жағдайда журналистің басты мақсаты мен міндеті қандай? Әскери журналист нені білуі керек?

Міне, осы сұрақтарға жауап беру мақсатында жуырда 3 күндік семинар-тренинг өткізілді. Тренингте «Әскери журналистика» пәнінің өзектілігі айтылып, бүгінгі таңда мемлекеттер арасында қырғи қабақ, қантөгіс соғыстардың жүріп жатқандығы, ол жерден елге хабар тарататын журналистердің нені білуі керектігі кеңінен сөз болды. «Қазіргі әлемде қарулы қақтығыстардың көбейіп, геосаяси ахуалдың шиеленісіп тұрған кезеңінде тек әскери қызметкерлердің ғана емес, әскери журналистердің де қызметі басты сұраныста ие. Сондықтан да біз болашақ журналистердің әскери іс-қимыл кезінде орын алатын қиындықтардан хабардар етумен қатар кәсіби бағыт-бағдарды дұрыс қолдана білуді үйреткіміз келеді», – деді әскери нұсқаушы капитан Бек Руслан.

Семинар-тренинг барысында жетекшінің жеке басшылығымен берілген тапсырмаларды орындаған студенттер әскери тәртіп пен моралдық және психологиялық жай-күйлерді бастарынан өткізді. Студенттер күнделікті аудиторияда алып жүрген теориялық білімдерін тренинг барысында іс жүзінде қолдануға мүмкіндік алды.

Тренингті ұйымдастырған Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Ақпарат және коммуникациялар департаменті бастығы Серік Боранбаев мырзаға, әскери дискурс нұсқаушылары мен әл-Фараби атындағы әскери кафедра бсшылығына алғысымыз шексіз.

**Алма ҚҰРМАНБАЕВА,**
*журналистика факультеті*

В КазНУ с 19 февраля стартует неделя казахстанского кино

# ҮШ БІРДЕЙ ОҚУЛЫҚ ЖАРЫҚ КӨРДІ




**Еліміздің белгілі философ ғалымдары, профессорлар – Аманжол Қасабек, Жақыпбек Алтаев, Әлия Масалимовалардың авторлығымен «Қазақ университеті» баспасынан үш бірдей оқулық жарық көрді.**

«Қазақ философиясы» және «Казахская философия» оқулықтары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің бекітуімен «Қазақ университеті» баспасынан қазақ-орыс тілінде жарыққа шығып, оқырманға жол тартты. Бұл оқулықта қазақ философиясының пайда болуы, қалыптасуы мен әдіснамалық негіздері сөз болып, даму кезеңдерінің өзекті мәселелері тарих философиясы тұрғысынан талданып, ғылыми тұжырымдар жасалады. Орта ғасырдағы қазақ даласының ойшылдары мен XIX-XX ғасырлардағы қазақ философиясының ұлттық сипаты, кенестік кезеңнің философиясы кеңінен сөз болады.

Аталған авторлардың «Философия тарихы» деп аталатын оқулығы да қатар жарық көрді. Бұл оқулық ҚР БжҒМ Жоғары және жоғары білім беруден кейінгі Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі оқу-әдістемелік бірлестігі мәжілісінің шешімімен «Қазақ университеті» баспасынан басылып шықты. Оқырман қауым кітап мазмұнынан «ежелгі Шығыс философиясы», «әлемдік антикалық философия», «араб-мұсылман философиясы», «орта ғасыр және жаңа замандағы Европа философиясы» тарихымен танысуға мүмкіндік алады. Оқулықта классикалық және заманауи ислам философиясы философиялық сараптама тұрғысынан діни-ирроционалистік сипаттама ғана емес, ғылыми философиялық-рационалистік сарында кеңінен зерттелген. Сондай-ақ ислам өркениетінде белең алған түрлі ислам мәдениеттері мен философиясы да философия тарихы тұрғысынан жүйеленген.

Жаңадан жарық көріп отырған үш кітап та еліміздегі ЖОО студенттері мен магистранттарына, философтар мен қазақ халқының мәдени-рухани өмірінің өткені мен бүгініне ден қойған оқырманға, философия тарихы мәселелеріне қызығушы зиялы қауымға арналған. Кітап көпшілік оқырманның сұраулары бойынша қайта өңделіп, толықтырылып, үшінші рет басылымнан шығып отыр.

**Шаттық ӘЛИЕВ,**
*PhD доктор, философия кафедрасының аға оқытушысы*

## СТУДЕНТКА КАЗНУ СТАЛА СЕРЕБРЯНЫМ ПРИЗЕРОМ ПО БОКСУ

**Студентка КазНУ им. аль-Фараби Гузаль Садыкова завоевала серебряную медаль на юношеском чемпионате Казахстана по боксу среди девушек в возрасте 16-17 лет.**



Участие в нем приняли 90 спортсменок со всех регионов и городов Казахстана. Все поединки прошли согласно правилу международной федерации бокса AIBA по 10 весовым категориям.

Гузаль Садыкова мастер спорта международного класса по боксу. Она является победителем Универсиады 2017 года и трех международных турниров среди девушек. Несмотря на свой юный возраст, за ее плечами уже тысячи часов тренировок и множество побед. По словам заслуженного тренера РК, доцента КазНУ Бахыта Байкулбаева, юная спортсменка готовилась к соревнованиям упорно и смогла показать свое мастерство и силу духа. Гузаль Садыкова сегодня является кандидаткой на участие в юношеских Олимпийских играх, которые откроются в конце сентября 2018 года в Буэнос-Айресе.

Поздравляем спортсменку и Заслуженного тренера РК по боксу Бахыта Байкулбаева с победой и желаем дальнейших успехов!

**Соб.корр.**

# ҚЫЗЫҚТЫ ХИМИЯ ӘЛЕМІНДЕ

**Қазіргі таңда химия ғылымының біздің өмірде алатын орны зор. Мұнай химиясы, кванттық және нанохимия, медициналық химиямен қатар қарапайым тамақтану, косметологиялық бет күтімі және күнделікті қолданып жүрген тұрмыстық жабдықтардың барлығы химиямен байланысты.**



Химия – жаратылыстану-математика циклiндегi фундаментальды ғылымдардың бiрi. Ғылымның бұл саласын дамыту міндеттілігі осы заманғы қоғам қажеттіліктерімен негізделген. Химия – медицина саласын дамытуда, энергия мен альтернативті отынның жаңа көздерін ашуда, дәрі-дәрмек алуда, техниканың түрлерін дамытуда, тағы басқа адамзат өміріне керекті көптеген заттар алуда қажетті ғылымның көпбағытты күрделі саласы. Осы орайда Қазақ ұлттық университетінде 2010 жылы аналитикалық, коллоидтық және сирек элементтер технологиясы кафедрасында ғылыми бағытта жұмыс жасайтын «Colla» үйірмесі ашылған болатын.

Үйірменің ең басты мақсаты студенттерді қызыққа толы ғылым әлеміне шақыру, білімге құмарлықты бойларына сіңіру және бізді қоршаған ортаның өзекті мәселелеріне бей-жай қарамауға үйрету болып табылады. Үйірмедегі студенттер ғылыми бағытта сауатты жұмыс істеуді, курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын таңдауды, түрлі ғылыми конференцияларға, олимпиадаларға, байқауларға қатысуды, әлемдік және мемлекеттік деңгейдегі соңғы жаңалықтардан хабардар болуды үйренеді.

Кафедра доценті, х.ғ.к. Түсіпова Бақыт Баймұратқызы жетекшілік ететін үйірмеге қазіргі таңда 1-4 курс аралығындағы студенттермен қатар магистранттар да қатысуда. Үйірмедегі жұмыстың басты аспектілеріне тоқталып өтсек. Бұл, ең алдымен, студенттің қалауымен таңдалатын қызықты химиялық тәжірибенің орындалуы, алынған нәтижелерді талдап, қорытынды шығара білу және әр студент жиналыс барысында жасалған жұмыстың қыр-сырын ашып, нәтижелерін презентация түрінде жариялайды. Сонымен қатар, қажет болған жағдайда, стендтер, макеттер және модельдер көрсетіледі.

Осындай ауқымды жұмысты студент міндетті түрде өз бетімен орындайды да нәтижесінде алған теориялық білімдерін шыңдаумен қатар әдебиеттермен сауатты жұмыс істеуді үйренеді.

Жас болса да үйірме мүшелері университетімізде өткізілетін «Мен жастарға сенемін» атты студент жастардың форумына қатысып, мадақтау қағаздарымен марапатталып, әртүрлі номинацияларды алуда. Жыл сайын «Тайбурыл» шәкіртақысының иегері атанып келеді. Сонымен бірге, «Start UP» компаниясымен бірге бірнеше ғылыми жұмыстарға патент жасап, өндіріске ұсынды.

Қорытындылай келе, үйірме студенттердің ғылыми бағытта көптеген жұмыстар жасауына үлкен көмек тигізетінін айтуға болады. Үйірме мүшелерінің болашақта химия саласында тың жаңалықтарды ашып, осы саланың дамуына септігін тигізетіні сөзсіз. Химия саласына қызығушылығы мол, жаңа идеяларға толы жалынды жастар үшін үйірме есігі әрдайым ашық.

**Айжан ТІЛЕШОВА,**
*аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасы студенттерінің «Colla» ғылыми үйірмесінің мүшесі*

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Бас редактор: Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Тілшілер: Айнұр АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Фототілші – Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректорлар: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлығаш ИБРАГИМОВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай: kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында терiлiп, беттелдi. "Дәуір" ЖШС РПБК-де басылды. Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі,17. Тел.: 8 (727) 273-12-04

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №3042
● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.